



Әлемдегі ерекше 10 адам

**Орындағандар: Шырынбек Марал (СПИС 15-1)
Шүкірбаева Ақерке (Деф 15-1)**

*Қазіргі таңда әлемдегі ең ұзын адам Түркия азаматы **Сұлтан Косен** болып табылады. Бұл алыптың бойы - 2 метр 46 см, сонымен бірге оның қолы да ең ұзын - 27,5 см, ал аяғының өлшемі - 36,5 см. Сұлтан Косен 2010 жылы әлемдегі ең ұзын адам болып Гиннестің рекордтар кітабына енген. Тағы бір айта кететін жайт, 30 жастағы Сұлтан Косен шаңырақ көтерді. жары Мерво Дибо Сириядан қоныс аударып келген екен. Екеуі футбол алаңында танысқан көрінеді.*



Элисан-да-Курус Сильва атты бразилиялық қыз да қазірде әлемдегі ең ұзын адамдардың бірі. 17 жасар қыздың бойы 2 метр 5 сантиметр. 1995 жылы туылған қыздың дені сау, сымбатты болып өскен. Алайда оның бойы әрқашан басқалардан ерекшеленген екен. Ол сыныптастарының арасында ең ұзыны болған, ал 14 жасында ол мектептегі ең ұзын бойлы қыз болды.

Қазір ол небәрі 17 жаста, ал оның бойы 2 метр 5 сантиметр. Жылдар өте, ол әлі де өсуі мүмкін. Әрине ол осы бойымен модель болуды армандайды екен.






Гиннесс рекордттар кітабы әлемдегі ең кіші адам 72 жастағы Непалдық **Чандра Бахадур Данги** екенін дәлелдеп отыр, оның бойы 54,6 см. *Guinness World Records* ережесіне сай, Чандраны 24 сағат ішінде 3 рет өлшеген, нәтижесінде өлшем бірқалыпты болып 54,6 см құраған. Бойының қысқалығы оған өмір бойы Самоа циркінде жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызған еді. Рекордшының өмірден ерте кетуінің себебі - өкпесінің қабынуы.

*18 жастағы үнді қызы **Джиоти Амге** өзінің қысқа бойының арқасында Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ол отбасымен бірге Үндістанның өзі туылған Нагпур қаласында тұрады.*

Джиоти Амге әлемдегі «ең кішкентай әйел» атанғанына, сонымен қатар осы жасында атақты болғаны үшін өзін бақытты сезінеді. Оның бойы небәрі 62,8 сантиметр, салмағы 5,4 килограмм екен. Ол оқушы

кезінде мектепке өзінің құрдастарымен бірге барғанымен, өзіне арналып жасалған партада бөлек отыратын болған екен.

Сондықтан да ол мектепте өзін бөтен сезінбеген, барлық балалармен тең дәрежеде қарым-қатынаста болыпты.



Вим Хоф – Нидерландыда 1959 жылы туылған ерекше жаратылған адам. Әлемге «Мүз адамы» деген атпен танымал. Вим ешқашан суықты сезінбейді екен. Осы қасиетінің арқасында төмен температураға ұзақ уақыт төзе алады. Ол Альпі тауларының ішіндегі ең биігі Монблан тауына жалаңаяқ шыққан. Ол мүз толтырылған бөшке ішінде де ұзақ уақыт отыра алады. Соңғы рет мүздың ішінде 72 минут отырған екен. Ал жай адам мұндай жағдайда 15 мин. кейін-ақ есін жоғалтып, 1 сағаттан соң өліп кетер еді. Рекордтар кітабына енгізілген.





Раджа Мохан Наир есімді азамат тоқты еш қиналмастан көтере береді. Электр тогы адам баласы үшін өте қауіпті екені белгілі. Алайда, бұл «Электр адам» бірнеше ампер токтың күшіне төтеп береді. Раджаның өзге адамдардан еш айырмашылығы жоқ, алайда ол электр желісінің бойынан өтіп тұрған токты өз бойына өткізе алады. Анасы қайтыс болған кезде бала қайғыны көтере алмай өз-өзін өлтірмекке бел буады. «Токқа түсіп, өлем» деген оймен трансформатордағы сымға жабысады. Алайда осы оқиғадан кейін тірі қалған Раджа өзінің ерекше қабілеті туралы айналасындағыларға айта бастайды. Ғалымдар «Электр адамның» басқаларға қарағанда 10 есе көп токқа төзетінін анықтаған.

Мишель Лотито 1950 жылы 15 маусымда Гренобльде дүниеге келген. Ең алғашқы қабілеті 9 жасында байқалады – шыны ыдысты жеген. Бала ағзасында ешқандай да қарсылық болмады, тіпті Мишель өзін жаман сезінбеді де. Уақыт өте келе бірнеше шыны ыдыс жеді. Сонымен қатар енді темір заттарды жеп көрмекші болды. Сөйтіп ең алғашқы рет велосипедті, сосын теледидар, т.б. жеп көреді. Ол жалпы, 1 ұшақ, 2 үлкен кереует, 1 компьютер, 15 арба, 1 шаңғы жиынтығы, 7 теледидар, 6 люстра, 18 велосипед жеген. Осылайша рекордтар кітабына енген. 2007 жылы 25 маусымда қайтыс болды.



Даниель Таммет 1979 жылы Британияда дүниеге келген. Өте белгілі «Саванттардың бірі». Яғни аутизм ауытқушылығымен дүниеге келген. Алайда, керемет қабілетке ие адам. Оның ерекше қабілеті – өте күрделі математикалық сандарды есте сақтау мен есептерді шығару және түрлі тілдерді меңгерумен белгілі. Ол ең қиын деген есептерді ойша оңай шығара береді. Мәселен 13 санын 97-ге еркін бөліп, бүтіннен кейінгі 100 санды жаңылмай-ақ айтып беруі мүмкін. Сондай-ақ оның тілге деген қабілеті ерекше. Қазіргі таңда ол 11 тілді еркін меңгерген. Әлемдегі ең қиын тілдердің бірі саналатын исланд тілін ол 1 апта ішінде үйренген.



Үндістанның солтүстігіндегі Варанаси қаласының тұрғыны **Махашта Мураси** «Тарихтағы жасы ең үлкен адам» ретінде Гиннестің рекордтар кітабына тіркелді. Махашта Мураси 1835 жылдың маусым айында дүниеге келген. Яғни бүгінде ол 181 жасты алқымдап қалды. Әлем назарын аударған қария өз сұхбатында: «Мен осыншама көп жасап келемін, тіпті, шөберемнің де өлгенін көрдім», - дейді.

«Қандай да бір себептермен өлім мені ұмытып кеткен сияқты. Статистикаға назар аударыңыздаршы. 170-ті айтпағанның өзінде, ешкім әлі 150 жасқа жетіп көрген емес. Соған қарағанда мен ажалсыз адам шығармын», - дейді ол.





Қазақстандағы ең жасы үлкен кісі - Нурхия Жақсыбаева. Ол 1900 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында тұрады. 116 жасқа келген. 2010 жылы 100 жасқа толғанын атап өтті. Және жыл сайын осылай атап өтеді. Бүгінде апамыздың 12 баласы, 50 немере, 15 шөбере, 10 шөпшегі бар көрінеді. Батыр-ана өзінің ұзақ жасауының құпиясы – еңбек деп мақтанышпен айтады.